



Код: ПББ /SQE КББ - 8.2	Операциялық процедура стандарты (сапа жүйесінің рәсімі)		
Атауы:	ҚР ПББ МО ауруханасы базасында резидентурадағы жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді ұйымдастыру алгоритмі		
Бекітілген:	Директордың 2024 жылғы 22 мамырдағы №355 бұйрығымен		
Әзірлеушілер:	Лауазымы	Т. А. Ә.	Қолы
	Кәсіптік білім беру бөлімінің бастығы	Ф.Н. Ержанова	
	Кәсіптік білім беру бөлімінің бас маманы	З.К. Алимбаева	
	Кәсіптік білім беру бөлімінің жетекші маманы	Т.С. Арстанова	
Келісілді:	Кәсіптік білім беру бөлімінің жетекші маманы	У.А. Абжалиева	
	Директордың стратегиялық даму, ғылым және білім жөніндегі орынбасары	Н.А. Шаназаров	
	Сапа менеджменті және пациент қауіпсіздігі қызметінің басшысы	Б.М. Султанбекова	
Келесі қайта қарау уақыты - 2027 жыл		№ 2 нұсқа	

Астана 2024 ж.

ҚР ШБ МО ауруханасы базасында резидентурадағы жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді ұйымдастыру алгоритмі

1. Мақсаты: «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» ШЖҚ РМК (бұдан әрі – Аурухана) оқуға түсу үшін үміткерлердің құжаттарын қабылдаған сәттен бастап резидентураның тиісті мамандығы бойынша «дәрігер» біліктілігін бере отырып, резидентураны бітіргені туралы мемлекеттік үлгідегі куәлік алғанға дейін резидентурада оқытуды ұйымдастыру процесінің сипаттамасы.

2. Қолдану саласы: Бұл стандартты операциялық рәсім Аурухананың базасында резидентурада жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді ұйымдастыру үшін қолданылады.

3. Анықтамалар (терминдер мен аббревиатура):

Аурухана – Резидентура бағдарламасын іске асыруға құқығы бар «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» ШЖҚ РМК (*Білім беру ұйымы, Резидентураның клиникалық базасы*).

КББ - Кәсіптік білім беру бөлімі.

Резидентура – мақсаты дербес клиникалық практикаға жіберу үшін тиісті мамандық бойынша дәрігердің кәсіптік біліктілігін алу немесе өзгерту болып табылатын жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білім деңгейі.

Білім беру бағдарламасы – оқытудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды, оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту үшін тартылатын материалдық ресурстарды, академиялық және кәсіптік персоналды қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының бірыңғай кешені, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттары (ББ).

Дәрігер-резидент - резидентураның білім беру бағдарламасы шеңберінде оқитын және медициналық білім беру ұйымында тәлімгердің қадағалауымен жұмыс істейтін дәрігер.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты - оқыту нәтижелеріне, білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне, меншік нысанына және ведомстволық қарастылығына қарамастан, қызметтің негізгі бейіні мен кадрлар даярлау бағыттары бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында, ғылыми ұйымдарда білім алушылардың даярлық деңгейіне және оқу мерзіміне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына қойылатын талаптар (МЖМБС).

Үлгілік оқу жоспары - денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітетін міндетті компонент пәндері кредиттерінің тізбесі мен ең аз көлемі және практикалардың барлық түрлері, қорытынды аттестаттау көрсетілген білім беру бағдарламасының құрылымы мен көлемін регламенттейтін оқу құжаты (ҮОЖ).

Оқу жұмыс жоспары - білім беру бағдарламасы және білім алушылардың жеке оқу жоспары негізінде білім беру ұйымы дербес әзірлейтін оқу құжаты (ОЖЖ).



Жеке оқу жоспары - білім беру бағдарламасына және элективті пәндер каталогына сәйкес академиялық кезеңге жасалатын нақты білім алушының білім беру траекториясын көрсететін құжат (ЖОЖ).

Академиялық күнтізбе - демалыс күндерін (каникулдар мен мерекелерді) көрсете отырып, оқу жылы ішінде оқу және бақылау іс-шараларын өткізу күнтізбесі.

Силлабус – оқытылатын пәннің сипаттамасын, пәннің мақсаттары мен міндеттерін, оның қысқаша мазмұнын, тақырыптары мен оларды оқыту ұзақтығын, өзіндік жұмыс тапсырмаларын, консультациялар уақытын, білім алушылардың білімін тексеру кестесін, оқытушының талаптарын, білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарын және әдебиеттер тізімін қамтитын пәннің оқу бағдарламасы.

Элективті пәндер каталогы - оқытудың мақсаты, қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдері) және оқытудың күтілетін нәтижелері көрсетілген, оқытудың барлық кезеңіндегі таңдау компонентінің барлық пәндерінің жүйеленген аннотацияланған тізбесі (ЭПК).

Білім алушыларды аралық аттестаттау - академиялық кезең аяқталғаннан кейін білім алушылардың оқу пәнінің мазмұнын меңгеру сапасын бағалау мақсатында жүргізілетін рәсім (АА).

Қорытынды аттестаттау комиссиясы - жоғары білікті оқытушылар қатарынан комиссия төрағасы мен мүшелерінің құрамында қорытынды аттестаттауды өткізу үшін білім беру ұйымы басшысының бұйрығы бойынша құрылған комиссия (ҚАК).

Қорытынды аттестаттау - білім алушылардың тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында көзделген оқу пәндерінің көлемін меңгеру дәрежесін айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім (ҚА).

Білімді бағалау (компьютерлік тестілеу) – медициналық білім беру бағдарламалары бойынша компьютерлік жолмен білім алушылардың теориялық білім деңгейін айқындау.

Дағдыларды бағалау – медициналық білім беру бағдарламаларының білім алушыларының оларды көрсету процесінде практикалық дағдыларды меңгеру деңгейін айқындау.

Резидентураны бітіргені туралы куәлік - бейінді бағыттағы дәрігердің біліктілігін растайтын мемлекеттік үлгідегі құжат.

Резидентураны бітіргені туралы куәлікке қосымша - кредиттер мен бағаларды көрсете отырып, тиісті оқу кезеңінде игерілген пәндердің тізбесін қамтитын құжат.

Ғылыми - клиникалық кеңес - Аурухананың оқу-әдістемелік жұмысын алқалық басқару нысаны (ҒКК).

Академиялық кеңес - Аурухана базасында резидентураның, қосымша және бейресми білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыру кезінде оқу-әдістемелік қызметті басқару жөніндегі алқалы орган.



4. Жауапкершілік: Әзірлеуге және орындауға КББ бастығы мен жетекші мамандары жауапты болады.

5. Рәсім:

№	Рәсімнің атауы	Рәсімді орындаушы	Орындау мерзімі	Құжаттың атауы
1	Аурухана бөлімшелерінің дәрігер-резиденттерге қажеттілігіне талдау жүргізу (дәрігер-резиденттерді қабылдаудың ықтимал саны)	КББ Аурухана бөлімшелері	Мамыр	Бөлімшелердің өтінімі (1-қосымша)
2	Платонус ААЖ техникалық сүйемелдеу қызметін сатып алу	КББ Бюджетті жоспарлау, қаржылық талдау және бақылау бөлімі Мемлекеттік сатып алу бөлімі	Алдыңғы қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін	Мемлекеттік сатып алу шарты
3	Резидентурада мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру конкурсына қатысу	КББ ББ жетекшілері	Уәкілетті орган белгілеген мерзімге сәйкес	Өтінім
4	Резидентураны аяқтау туралы мемлекеттік үлгідегі куәлік бланкілерін сатып алу	КББ Бюджетті жоспарлау, қаржылық талдау және бақылау бөлімі Мемлекеттік сатып алу бөлімі	Мамыр	Мемлекеттік сатып алу шарты
5	Резидентура түлектерінің тәуелсіз емтихан қызметін сатып алу	КББ Бюджетті жоспарлау, қаржылық талдау және бақылау бөлімі Мемлекеттік сатып алу бөлімі	Мамыр	Мемлекеттік сатып алу шарты
6	Аурухананың ресми сайты, сондай-ақ әлеуметтік желілер арқылы ақпаратты түсіндіру арқылы жұртшылықты ақпараттандыру	КББ Маркетинг, жарнама және сату бөлімі	Қабылдау комиссиясының жұмысы басталғанға дейін бір ай бұрын	Хабарландырулар (Аурухана сайты, Инстаграмм)
7	Қабылдау комиссиясының құрамын қалыптастыру	КББ		Бұйрық



8	Құжаттарды қабылдауды және тексеруді ұйымдастыру, оқуға түсушілерге таңдалған білім беру бағдарламасының мәселелері бойынша кеңес беру, резидентураға түсу емтихандарының рәсімімен танысу	КББ	Қабылдаудың үлгілік ережелеріне сәйкес	Үміткердің жеке ісі, тізбеге сәйкес құжаттарымен
9	Резидентураға түсу емтихандары үшін емтихан және апелляциялық комиссиялардың құрамын қалыптастыру	КББ	Қабылдаудың үлгілік ережелеріне сәйкес	Бұйрық
10	Резидентураның білім беру бағдарламаларына түсу емтихандарын өткізу кестесі	КББ		ҚР ДСМ-не ілеспе хат
11	Резидентураға түсу емтихандарын өткізу	КББ ББ жетекшілері	Қабылдаудың үлгілік ережелеріне сәйкес	Хаттама, ведомость
12	Резидентураға қабылдау	КББ	Қабылдаудың үлгілік ережелеріне сәйкес	Бұйрық
13	Резидентура бағдарламаларын іске асыру үшін аурухананың академиялық құрамын қалыптастыру	КББ ББ жетекшілері	Тамыз	Бұйрық
14	Қабылдауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қорытынды есеп, сондай-ақ мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша резидентураға қабылдау туралы бұйрықтардың көшірмелері (бар болса)	КББ	Қабылданғаннан бастап 10 күнтізбелік күн ішінде	ҚР ДСМ-не ілеспе хат
15	МЖМБС сәйкес оқу-әдістемелік құжаттаманы бекіту	КББ Аурухана бөлімшелері Академиялық кеңес Директордың жетекшілік ететін орынбасары	Тамыз	ОЖЖ, ЖОЖ, Академиялық күнтізбе, сабақ кестесі, топтар тізімі, Силлабус, ЭПК, Қорытынды бақылау нысаны
16	Аурухана мен дәрігер-резидент арасында оқыту туралы шарт жасасу	КББ	1 қыркүйекке дейін	Шарт
17	Аурухана базасында оқыту үшін нұсқама өткізу	Инфекциялық бақылау қызметі	1 қыркүйекке дейін	Кіріспе нұсқаулық



		Сапа менеджменті және пациент қауіпсіздігі қызметі Ақпараттық қауіпсіздік қызметі ЕҚ, АҚ және ТЖ, ӨҚ және экология қызметі Радиациялық қауіпсіздік қызметі Дәрігер-резидент		(2-қосымша) Қызметтік ақпаратты жария етпеу туралы міндеттеме (3-қосымша) Дәрігер-резиденттің арнамыс кодексі (4-қосымша)
18	Оқу процесі	ББ жетекшілері Оқытушылар Тәлімгерлер КББ	Оқу жылы (семестр)	Ағымдағы / аралық бақылау
19	Резидентурада аралық аттестаттауды өткізу жөніндегі комиссияның құрамын және өткізу мерзімдерін қалыптастыру.	КББ	Аралық аттестаттаудан 15 күн бұрын	Бұйрық
20	Аурухананың дәрігер-резиденттерін аралық аттестаттаудан өткізу	КББ ББ жетекшілері	Академиялық күнтізбеге сәйкес	Дәрігер-резиденттердің портфолиосы. Аралық аттестаттау парағы
21	Аурухананың дәрігер-резиденттерін келесі оқу жылына ауыстыру	КББ	Академиялық күнтізбеге сәйкес	Бұйрық
22	Аурухананың резидентурасы мамандықтары бойынша қорытынды аттестаттау комиссиясының құрамын қалыптастыру	КББ ББ жетекшілері	Қорытынды аттестаттаудан бір ай бұрын	Бұйрық
23	Аурухана дәрігер-резиденттерінің қорытынды аттестаттау кестесін жасау	ҰТЕО КББ		
24	Қорытынды аттестаттау екі кезеңде: - білімді бағалау - дағдыларды бағалау	ҰТЕО Аурухананың ҚАК	Академиялық күнтізбеге сәйкес	ҰТЕО хаттамасы, ҚАК төрағасының есебі
25	Оқу мерзімдерінің аяқталуына байланысты резидентурадан шығару	КББ	Оқу аяқталғаннан кейін 10 күн ішінде	Бұйрық
26	Даярлау бағыты бойынша «дәрігер» біліктілігін бере отырып, резидентураны	Аурухана басшылығы КББ	Оқуды аяқтағаннан кейін	Резидентураны аяқтау туралы

	бітіргені туралы куәлікті тапсыру			куәлік, еңбек кітапшасы
27	Резидентура ББ жоспарлау, әзірлеу, бекіту, Болон процесінің тізіліміне енгізу, іске асыру	КББ ББ жетекшілері	Қажет болған жағдайда	ББ төлқұжаты
28	Резидентура ББ өзін-өзі бағалау (аккредиттеу)	КББ ББ жетекшілері Аурухананың құрылымдық бөлімшелерінің басшылары	Бастапқы қажет болған жағдайда Мамандандырылған сертификаттың алдыңғы қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін	Мемлекеттік сатып алу шарты Өзін-өзі бағалау туралы есеп Аккредиттеу туралы сертификат
29	Резидентура түлектерін жұмысқа орналастыру	КББ ББ жетекшілері	Уәкілетті орган белгілеген мерзімдерге сәйкес	Жұмыс орнынан анықтама
30	Клиникалық базалармен шарттар жасасу	КББ ББ жетекшілері Заң бөлімі	Қажет болған жағдайда	Шарт
31	Аурухана базасында сыртқы ұйымдардың дәрігер-резиденттерінің клиникалық практикасын ұйымдастыру	Тәлімгерлер КББ	Өтінімдердің түсуіне қарай	Шарт Тәлімгердің есебі

6. Нормативтік сілтемелер:

1. «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Қазақстан Республикасының Заңы (2024.18.05. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен).

2. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI Кодексі (2024.01.05. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен).

3. «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы № 4 бұйрығы.

4. «Резидентурада мемлекеттік тапсырысты орналастыру, оқуға қабылдау және медицина кадрларын даярлау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-270/2020 бұйрығы (2023.07.04. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен).

5. «Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды бекіту туралы» ҚР Денсаулық сақтау министрінің



2022 жылғы 4 шілдедегі № ҚР ДСМ-63 бұйрығы (2023.31.05. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен).

6. «Клиникалық база, денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйым клиникасы, университеттік аурухана, резидентура базасы, интеграцияланған академиялық медициналық орталық туралы ережелерді және оларға қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-304/2020 бұйрығы (2023.22.04. берілген өзгерістермен).

7. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы (2024.14.05. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).

8. «Денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары білім алушыларының білімі мен дағдыларын бағалау, түлектерінің кәсіптік даярлығын бағалау, денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кәсіптік даярлығын бағалау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-249/2020 бұйрығы (2023.07.04. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен).

9. «Білім туралы құжаттардың түрлерін, білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың нысандарын және оларды есепке алу мен беру қағидаларын, білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың мазмұнына қойылатын негізгі талаптарды және оларды есепке алу мен беру қағидаларын, сондай-ақ білім беру ұйымдарында білім алуды аяқтамаған адамдарға берілетін анықтаманың нысанын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығы (2023.10.11. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).

10. «Резидентура бағдарламаларының медициналық мамандықтар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 25 мамырдағы № ҚР ДСМ-43 бұйрығы (2023.27.11. берілген өзгерістермен).

11. «Медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 9 қаңтардағы № 4 бұйрығы (2023.27.11. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).

12. «Маманды жұмысқа жіберу, бюджет қаражаты есебінен шеккен шығыстарды өтеу, өз бетімен жұмысқа орналасу құқығын беру, мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған Қазақстан Республикасының азаматтарын жұмыспен өтеу жөніндегі міндетінен босату немесе олардың міндетін тоқтату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2023 жылғы 11 тамыздағы № 403 бұйрығы (2024.12.03. берілген өзгерістермен).



13. «Медициналық ұйымдарды аккредиттеу стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2021 жылғы 5 қарашадағы № ҚР ДСМ-111 бұйрығы.

14. Ауруханаларға арналған Халықаралық біріккен комиссияның (Joint Commission International Accreditation Standards for Hospital) аккредиттеу стандарттары, 13-Тарау: Персоналдың біліктілігі және білімі, АҚШ.

15. ҚР СТ ISO 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі. Талаптары».



20__ - 20__ оқу жылына резидентураға үміткерлерге өтінім

№	Бөлімшенің атауы	Резидентура мамандығы	Дәрігер-резиденттердің саны

мамандығы

бойынша профессор-оқытушылар құрамымен жинақтау туралы мәліметтер

№	Тегі, Аты, Әкесінің аты	Негізгі білімі, мамандығы, бітірген жылы	Негізгі жұмыс орны, лауазымы	Клиникалық өтілі (кемінде 5 жыл)	Ғылыми-педагогикалық өтілі (кемінде 3 жыл)	Ғылыми дәрежесі (м.ғ.д. /м.ғ.к. / PhD), мамандығының шифры, берілген жылы	Дайындық бейіні бойынша дәрігерлік санат	Мақалалар, оқу құралы (жарияланған жылы)

«Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» ШЖҚ РМК
РГП «Больница Медицинского центра Управления делами Президента Республики Казахстан» на ПХВ

**КІРІС НҰСҚАМАЛЫҚ
ВВОДНЫЙ ИНСТРУКТАЖ**

Дәрігер-резиденттің аты-жөні / Ф.И.О. врача-резидента

№	Бөлім атауы / орналасуы Наименование отдела / расположение	Күні Дата	Нұсқаушын ың қолы Подпись инструктиру ющего
1	Кәсіптік білім беру бөлімі <i>Отдел профессионального образования</i>		
	- Негізгі жүрек-өкпе реанимациясы (BLS) <i>Базовая сердечно-легочная реанимация (BLS)</i>		
	- Қолды өңдеу жөніндегі нұсқаулық <i>Инструкция по обработке рук</i>	ул. Е 495, зд. 2Г, 6 эт., каб. 6.64	
2	- Инфекциялық бақылау бойынша кіріспе нұсқаулық <i>Вводный инструктаж по инфекционному контролю</i>	ул. Е 495, зд. 2, F блок, 1 эт.	
3	Сапа менеджменті және пациент қауіпсіздігі қызметі <i>Служба менеджмента качества и безопасности пациента</i>	ул. Е 495, зд. 2, F блок, 4 эт., 13 каб.	
4	Еңбекті қорғау, АҚ, ТЖ, ӨҚ және Э қызметі: <i>Служба по охране труда, ГО, ЧС, ПБиЭ:</i>	ул. Е 495, зд. 2, F блок 4 эт., 18 каб.	
	- қауіпсіздік техникасы бойынша кіріспе нұсқаулық <i>вводный инструктаж по технике безопасности</i>		
	- өрт қауіпсіздігі бойынша кіріспе нұсқаулық <i>вводный инструктаж по пожарной безопасности</i>		
	- қауіпті материалдармен жұмыс істеу және персоналдың «Сары код» іс-қимыл алгоритмі бойынша кіріспе нұсқама <i>вводный инструктаж по обращению с опасными материалами и алгоритму действий персонала «Код желтый»</i>		
5	Қауіпсіздік қызметі (Терроризмге қарсы қорғалу бойынша нұсқама) <i>Служба безопасности (Инструктаж по антитеррористической защищенности)</i>	ул. Е 495, зд. 2, F блок 4 эт., 19 каб.	
6	Ақпараттық қауіпсіздік қызметі (Ақпараттық қауіпсіздік бойынша нұсқама) <i>Служба информационной безопасности (Инструктаж по информационной безопасности)</i>	ул. Е 495, зд. 2, D блок, 3 эт., 310 каб.	
7	Радиациялық қауіпсіздік қызметі <i>Служба радиационной безопасности</i>	ул. Е 495, зд. 2Г, 2 эт., каб. 2.161	
8	Клиникалық-фармакологиялық бөлім (Дәрі-дәрмектерді қолдану менеджменті бойынша кіріспе нұсқаулық) <i>Клинико-фармакологический отдел (Вводный инструктаж по менеджменту использования лекарств)</i>	ул. Е 495, зд. 2Г, 1 блок, 3 этаж, 3.05 каб. вторник и четверг: 14.30-16.00	
9	Кіріс нұсқамалықтар жүргізудің жауапты қызметкер <i>Ответственный работник за проведение инструктажа на рабочем месте</i>	Бөлімше <i>Отделение</i>	

**қызметтік ақпаратты жария етпеу туралы
МІНДЕТТЕМЕ**

Мен, _____,
«Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» ШЖҚ РМК (бұдан әрі - Аурухана) _____ қызметкері (дәрігер-резидент) ретінде ұйыммен еңбек қатынастары кезеңінде және олар аяқталғаннан кейін он жыл ішінде міндеттенемін:

1. Маған сеніп тапсырылатын немесе жұмысы бойынша белгілі болатын ұйымның қызметтік ақпаратын құрайтын мәліметтерді жария етпеуге.

2. Ұйымның қызметтік ақпаратын құрайтын мәліметтерді оның келісімінсіз үшінші тұлғаларға бермеуге және жария етпеуге.

3. Ұйымның қызметтік ақпаратының сақталуын қамтамасыз ету бойынша маған қатысты бұйрықтардың, нұсқаулықтар мен ережелердің талаптарын орындауға.

4. Бөтен адамдар менен ұйым туралы қызметтік ақпарат алуға тырысқан жағдайда, бұл туралы дереу тікелей басшыға хабарлауға.

5. Іскерлік қатынастары бар ұйымдардың қызметтік ақпаратын сақтауға.

6. Ұйымға зиян келтіруі мүмкін кез келген қызметпен айналысу үшін ұйымның қызметтік ақпаратын білуді пайдаланбауға.

7. Мен жұмыстан босатылған (шығарылған) жағдайда, жұмыс кезінде менің лауазымдық міндеттерімді орындауға байланысты менің иелігімде болған қызметтік ақпараттың барлық тасымалдаушылары (қолжазбалар, жобалар, сызбалар, магниттік таспалар, дискілер, иілгіш дискілер, принтерде басып шығару, кино және фотонегативтер, позитивтер, модельдер, материалдар, бұйымдар және т. б.) (оқыту) ұйымда, тікелей басшыға тапсыруға.

8. Қызметтік ақпарат тасығыштардың, куәліктердің, рұқсаттамалардың, режимдік үй-жайлардың, қоймалардың, сейфтердің (металл шкафтардың) кілттерінің, жеке мөрлердің жоғалғаны, жетіспегені туралы және қызметтік ақпараттың жария етілуіне әкеп соғуы мүмкін басқа да фактілер туралы, сондай-ақ мәліметтердің ықтимал ағып кету себептері мен жағдайлары туралы тікелей басшыға дереу хабарлауға.

9. Интернет ресурстарын (сайттарды, әлеуметтік желілерді) қоса алғанда, ашық ақпарат көздерінде қызметтік ақпаратқа қатысты кез келген мәліметтерді, оның ішінде фото, жұмыс орнының, үй-жайлардың, ғимараттардың қасбеттерінің, интерьер заттарының, көлік құралдарының және менің қызметтік қызметіме байланысты өзге де объектілердің бейнесін орналастырмауға.

Ұйымның қызметтік ақпаратының сақталуын қамтамасыз ету бойынша тиісті ережелер менің назарыма жеткізілді және түсіндірілді.

Осы ережелерді бұзу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бас бостандығынан айыру, ақшалай айыппұл, залалды өтеу жөніндегі міндеттер түріндегі қылмыстық, әкімшілік, азаматтық-құқықтық немесе өзге де жауаптылыққа әкеп соғуы мүмкін екенін білемін.

(лауазымы, Т.А.Ә., қолы, күні)

Қосымша 4

«Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» ШЖҚ РМК (бұдан әрі - Аурухана) дәрігер-резиденттің ар-намыс кодексі

1. Аурухананың дәрігер-резиденті ҚР Конституциясын, ҚР заңдарын және ҚР өзге де нормативтік құқықтық актілерін, Аурухана Жарғысын, ішкі тәртіп ережелерін және Аурухана директорының басқа да бұйрықтарын, осы Кодекстің ережелерін сақтайды.

2. Аурухананың дәрігер-резиденті жалпыадамзаттық моральдық-этикалық нормаларды сақтайды, ұлтаралық алауыздық, діни экстремизм, ұлтшылдық, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар, тәртіпсіздік, жауапсыздық көріністеріне қарсылас болып табылады.

3. Аурухананың дәрігер-резиденті жынысына, жасына, ұлтына, дініне, азаматтығына, сеніміне, тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, біліміне, еңбек өтіліне қарамастан адамның құқықтарын, ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтейді.

4. Аурухананың дәрігер-резиденті пациентке қатысты ақпараттың құпиялылық принциптерін сақтайды.

3. Аурухананың дәрігер-резиденті елдегі тәртіпті тұрақсыздандыруға бағытталған ақпаратты таратуға жол бермейді, сондай-ақ рұқсат етілмеген жиналыстарға, демонстрацияларға, митингілерге, пикеттерге, акциялар мен шерулерге қатыспайды.

4. Аурухананың дәрігер-резиденті Қазақстан Республикасының медицина қызметкерінің жоғары атағының беделін түсіруге қабілетті іс-әрекеттер жасауға жол бермейді.

5. Аурухананың дәрігер-резиденті ішкі тәртіп ережелерін сақтайды, Аурухананың абыройы мен имиджін бағалайды, аурухананың мүдделерін қорғайды.

6. Аурухананың дәрігер-резиденті сыртқы түрінің мамандық пен Аурухананың эстетикалық нормаларына сәйкестігін сақтайды.

7. Аурухананың дәрігер-резиденті өз ұстанымын ашық айтады және өз көзқарасын дәлелді түрде қорғайды.

8. Аурухананың дәрігер-резиденті Ауруханада және одан тыс жерлерде оқу үлгерімі, тәртіпті сақтау, мінез-құлық нормалары үшін жауапкершілікті мойындайды.

9. Жанжал туындаған жағдайда Аурухананың дәрігер-резиденті оларды шешу жолдарын өзінің құрылымдық бөлімшелерінен табуы тиіс, қанағаттанарлықсыз нәтиже болған жағдайда мәселелерді қарау және жанжалды шешу үшін Аурухананың тиісті әкімшілік және қоғамдық ұйымдарына жүгіне алады.

10. Аурухананың дәрігер-резиденті сөйлеу мәдениетінің ережелерін сақтайды, басқа дәрігер-резиденттерге, профессорлық-оқытушылық құрамға, Аурухана қызметкерлеріне сыпайы түрде жүгінеді, қарым-қатынас кезінде таныс болуға жол бермейді, жаргон сөздер мен сөз тіркестерінен аулақ болады.

11. Аурухананың дәрігер-резиденті білім беру бағдарламаларын игеру, кәсіби және әмбебап құзыреттілікті қалыптастыру бойынша үнемі жұмыс істейді, зерттеу қызметін белсенді жүргізеді.

12. Аурухананың дәрігер-резиденті салауатты өмір салтын ұстанады, мәдени, адамгершілік және дене деңгейін арттыруға ұмтылады, Аурухананың қоғамдық-мәдени, ғылыми және спорттық өміріне белсенді қатысады.

13. Аурухананың дәрігер-резиденті Аурухананың мүлкін ұқыпты және тиімді пайдаланады.

14. Аурухананың дәрігер-резиденті кодекс нормаларын бұзу фактілеріне жол бермейді және жолын кеседі.

15. Осы Кодекстің нормаларын, жарғыда және нормативтік құқықтық құжаттарда көзделген ережелерді бұзғаны үшін жеке ісіне енгізе отырып, тәртіптік және әкімшілік жазалау шаралары (ескерту, ескерту, сөгіс, қатаң сөгіс) қолданылуы, резидентурадан шығарылуы мүмкін.

Мен _____, _____ курс

білім беру бағдарламасының дәрігер-резиденті Аурухананың дәрігер-резидентінің ар-намыс Кодексімен таныстым және оның барлық ережелерін орындауға міндеттенемін.

«__» _____ 20__ г. _____